

МУРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МУРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

Басылым №6

28.02.2026

ЖЫР КЕШІНЕ ШАҚЫРУ

Мектебімізде қазақ поэзиясының ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мәңгілік ғұмыр – Мұқағали» атты жыр кеші өтеді. Баршаңызды Мұқағали поэзиясының сырлы әлеміне бірге саяхат жасауға шақырамыз.

Мәңгілік ғұмыр – Мұқағали



95

ЖЫЛ

Жыр жазсам –
халқым үшін,
өмір сүрсем –
елім үшін...

ӨТЕТІН КҮНІ: 09.02.2025
УАҚЫТЫ: 12.00
ОРНЫ: АКТ ЗАЛ

«ӘДЕП ПЕН ТӘРТІП – МЕКТЕП АЙНАСЫ» АКЦИЯСЫ

18.02–27.02.2026

Мақсаты: Оқушылардың жауапкершілігін арттыру, әдептілік мәдениетін қалыптастыру, мектептегі тәртіпті нығайту.

Оқушылар кезекшілігі:
Кіреберісте қарсы алу
Сабаққа кешікпеді бақылау
Асханадағы тәртіп
Үзіліс кезіндегі мәдениет

БІЗГЕ ҚОСЫЛ!

• www.gmonline



ХАБАРЛАНДЫРУ

18–27 ақпан 2026 жыл аралығында мектебімізде «Әдеп пен тәртіп – мектеп айнасы» акциясы өтеді. Акцияның мақсаты – оқушылардың жауапкершілігін арттыру, әдептілік мәдениетін қалыптастыру және мектептегі тәртіпті нығайту.

МУРАТБАЕВ NEWS

«ҚҰСТАРҒА ҰЯ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ӘР АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫ. ОСЫ МАҚСАТТА МЕКТЕБІМІЗДЕ «ҚҰСТАРҒА ҰЯ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. АКЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ҚҰСТАРДЫ ҚОРҒАУҒА ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

«ПОЭЗИЯ – МӘҢГІЛІК, МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІ»



ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗАҢҒАР БИІГІ, ЖҮРЕК ПЕН РУХТЫҢ ЖЫРШЫСЫ МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА **95** ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ПОЭЗИЯ КЕШІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

КЕШ БАРЫСЫНДА АҚЫННЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРЫЛЫП, ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕР ӨЛЕҢДЕРІ ОҚЫЛДЫ. ШАРАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЛАРЫНАН РУХАНИ АЗЫҚ АЛЫП, ПОЭЗИЯНЫҢ ҚҰДІРЕТІН, СӨЗДІҢ КИЕСІН ТЕРЕҢ СЕЗІНДІ. АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІК, ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК, ТАЗАЛЫҚ ПЕН ШЫНАЙЫЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ ДӘРІПТЕЛДІ.

МҰРАТБАЕВ NEWS

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»

ЖОБАСЫ



БҮГІН, «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ГИМНАЗИЯМЫЗДЫҢ КІТАПХАНАСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘН МҰҒАЛІМІ ЖУНИСОВА РОЗА ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АҚЫН ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТТІҢ "ҚАРА ПИМА" ПОЭМАСЫ ТАЛҚЫЛАУ ІС ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ ІС-ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ: ҚОҒАМДА КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ КІТАП ОҚУҒА ТАРТУ.

МҰРАТБАЕВ NEWS

КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА **37** ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ІС-ШАРА

2026 жылғы **15** ақпан – кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуы күніне **37** жыл толуына орай әскери-патриоттық іс-шара өткізілді. Бұл күн – Отан алдындағы борышын адал атқарған жауынгерлерге құрмет көрсетіп, ерлік рухын ұлықтайтын тағылымды дата.




Іс-шара барысында Ауған соғысында қаза тапқан боздақтарды еске алып, олардың рухына тағзым жасалды. Ардагерлерге құрмет көрсетіліп, олардың ерлігі мен табандылығы жас ұрпаққа үлгі ретінде насихатталды.

МҰРАТБАЕВ NEWS

“БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ”

ЖОБАСЫ

ГИМНАЗИЯМЫЗДА “БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ” ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ “ЖЕТИМ” ШЫҒАРМАСЫНА ТАЛДАУ САҒАТЫ ӨТТІ. СПИКЕР ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ УТЕГЕНОВА Ш.Б. ШЫҒАРМА ӨТЕ ӘСЕРЛІ, АДАМДЫ МЕЙІРІМДІ БОЛУҒА, ЖАНАШЫР ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ. ӘҢГІМЕ ӨМІРДІ БІЗГЕ АТА-АНАДАН АСҚАН ЖАҚЫН АДАМ ЖОҚ ЕКЕНІН АНЫҚ КӨРСЕТЕДІ.




МҰРАТБАЕВ NEWS

«ЖЕР САҒАТЫ» АКЦИЯСЫ

АКЦИЯНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРАУҒА ТӘРБИЕЛЕУ.

ОСЫ БАҒЫТТА **1–11** СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІН НАСИХАТТАЙТЫН БІРЫҢҒАЙ СЫНЫП САҒАТТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ. СЫНЫП САҒАТТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҚОРҒАУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАМАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛДІ.



МҰРАТБАЕВ NEWS

«КӨШБАСШЫЛЫҚ – ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ»



«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА «КӨШБАСШЫЛЫҚ-ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ» АТТЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ ФОРУМЫ ӨТКІЗІЛДІ. ФОРУМҒА **32** МЕКТЕПТІҢ **8-11** СЫНЫПТЫҢ **190** АСТАМ ОҚУШЫ ҚАТЫСТЫ.

ФОРУМНЫҢ МАҚСАТЫ – БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ, ЖАС КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ, ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

БІР ШАҢЫРАҚТА АТА-АНАСЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗ ҚЫЗЫ ӨМІР СҮРІПТІ. ОНЫҢ ЖЕТІ АҒАСЫ БОЛҒАН ЕКЕН. БІР КҮНІ АТА-АНАСЫ КЕНЖЕ ҚЫЗЫН ШОҚЫНДЫРУ ҮШІН СУ ӘКЕЛУГЕ АҒАЛАРЫН ЖІБЕРЕДІ. АЛАЙДА БАЛАЛАР АСЫҒЫП ЖҮРІП ҚҰМЫРАНЫ ТҮСІРІП АЛЫП, ҚОРҚЫП ҮЙГЕ ҚАЙТПАЙ ҚОЯДЫ. АШУҒА БУЛЫҚҚАН ӘКЕСІ: «ҚАРҒАҒА АЙНАЛЫП КЕТСІН!» – ДЕП АЙТЫП ҚАЛАДЫ. СОЛ СӘТТЕ ЖЕТІ ҰЛ ҚАРҒАҒА АЙНАЛЫП, АЛЫСҚА ҰШЫП КЕТЕДІ.

ҚЫЗ ЕСЕЙГЕН САЙЫН ӨЗ АҒАЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ БІЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ ҚАРҒЫСҚА ҰШЫРАП КЕТКЕНІН ЕСТІГЕНДЕ ЖҮРЕГІ АУЫРЫП, АҒАЛАРЫН ІЗДЕП ТАБУДЫ МАҚСАТ ЕТЕДІ. ҚИЫН ЖОЛДАРҒА ҚАРАМАСТАН, ОЛ БАТЫЛДЫҚПЕН САПАРҒА ШЫҒАДЫ. КҮННІҢ, АЙДЫҢ ЖӘНЕ ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ КӨМЕГІН СҰРАП, ҰЗАҚ ЖОЛ ЖҮРЕДІ.

АҚЫРЫ ОЛ АҒАЛАРЫ МЕКЕНДЕГЕН АЛЫС ЖЕРГЕ ЖЕТЕДІ. ҚАРЫНДАСЫНЫҢ АДАЛДЫҒЫ МЕН БАТЫЛДЫҒЫ ҚАРҒЫСТЫ БҰЗУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ. ҚЫЗДЫҢ МЕЙІРІМІ МЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІ ЖЕТІ АҒАСЫН ҚАЙТАДАН АДАМ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕДІ. ОСЫ ОҚИҒА АРҚЫЛЫ ЕРТЕГІ БАУЫРМАЛДЫҚТЫҢ, ТӨЗІМДІЛІКТІҢ ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ МАХАББАТТЫҢ КҮШІН КӨРСЕТЕДІ. ҚАРЫНДАСТЫҢ АҒАЛАРЫНА ДЕГЕН АДАЛДЫҒЫ ОҚЫРМАНҒА ЖАҚЫНДАРЫ ҮШІН КҮРЕСУ МЕН ЖАҚСЫЛЫҚТАН ҮМІТ ҮЗБЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІН ЕСКЕ САЛАДЫ.



АҒАЙЫНДЫ ГРИММ ЕРТЕГІЛЕРІ «ЖЕТІ
ҚАРҒА»